

## ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚАҺАРМАН, ТҰЛҒА ТАБИҒАТЫ

**М.З. Сайлаубекова**

[madinka\\_sailaubekova@mail.ru](mailto:madinka_sailaubekova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, МҚТӘ-23 ,Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Р. Тұрысбек

Кез-келген ғылым саласының тарихына үңілсек, танып білетініміз бір дүние. Жаратылыстану, жантану ілімі, әлеуметтік немесе гуманитарлық ғылымдар болсын, бәрінің ең маңызды, орталық проблемаларының бірі ол – адам, оның қоғамдағы орны, табиғаты мен мәні мәселесі. Осыған орай ғылым тарихында адам тұлғасының қыр-сырын тануды мақсат тұтқан жаңа бағыттар мен түрлі принциптер, концепциялар қалыптаса бастады. Қайта өрлеу дәуірінде ерекше қарқын ала бастаған бұл құбылысқа философияда антропоцентризм деген атау берілген. Аталмыш пайымдау бойынша адам – жоғарғы құндылық иесі, күллі қоршаған дүниенің, әлемнің орталығы деп түсіндіріледі. Заманауи зерттеушілік қызметінде басқа ғылымдар сияқты әдебиеттану да адам феноменінің тылсым тұстарын танып білуді еш уақытта өз назарынан тыс қалдырмаған. Әдебиет жәй ғана сөз өнері немесе көркем тілмен өрнектелген мәтіндердің жиынтығы емес, кең мағынасында алып қарасақ ол уақыт пен кеңістік атаулының заңдылықтарын асып өтуге қауқарлы, тарих қойнауына келмеске кеткен кезеңдердің тынысын, сол замандарда ғұмыр кешкен адамдардың сезім-күйлерін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік беретін ерекше қасиетке ие, өмір шындығын өзек еткен өнер түрі, қоғамның айнасы. Ал адамзат, сол әлеуметтің ажырамас бөлшегі. Әдебиет адамды өмір шындығының негізгі объектісі етіп ала отырып оны әртүрлі қақтығыстар мен жағдаяттарға араластыру нәтижесінде қоғамда елеусіз жатқан көп жайттарды бейнелейді. Сол себепті адамның ролі, көркем шығармадағы оның қатысы әдебиет үшін аса маңызды аспектілердің бірі. Бүгінгі таңда көркем туындыдағы рухани және жекелік мәселелер игеріліп, әдебиеттегі адамның көрініс беруінің әртүрлі формалары зерттелінуде. Сонымен қатар бір-бірімен байланысқан пәндердің жетістіктері көркем шығарманың «ішкі әлемін» суреттеу мақсатында қолданылып жүр. Оған мысал ретінде экзистенциализм құбылысын айтуға болады. «Экзистенциализм (лат. Existential – бар болу, тіршілік ету, күнелту) – адамның бар болуының, тіршілік етуінің мәні, оның тұлғалық болмысы жайлы батыс философиясындағы иррационалистік бағыт. Экзистенциализм адамгершілік құндылықтар күнделікті тұтынушылық қажеттіліктердің тасасында қалған, қатыгез қоғамға қарсылық ретінде туындаған. Осындай қоғамда адамгершілік құндылықтардың құлдырауы туралы, адамның өз қолымен жасалған, бірақ өзіне жат дүниесінде адамның өмірінің мәні мен болмысы жайлы сұрақтар шиеленісе түседі.

Экзистенциализм әдебиет саласында Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған, 30-40-шы жылдары қалыптасқан, ХХ ғ. 50-60 жж. Кемелденген, гүлдену қалпына жеткен. Экзистенциализм философиясының өкілдері ретінде шыққан жазушылар бірнеше ағымдарға бөлінген: діни (Г.Марсель); атеистік (Ж.П.Сартр, С. Де Бонуар, А.Камю), онтологиялық (М. Мерло-Понти).

Экзистенциализм әлемдік әдебиеттің, театрдың, басқа да өнер салаларының дамуына зор ықпал етті. Қорқынышқа байланысты көптеген шығармалар туындап, оны жеңу, адамгершілік құндылықтарды адам тіршілігінің баянсыздығы тұрғысынан қарастыру басты тақырыпқа айналды» [1. 10-11].

Қаламгерлер туындыларындағы адамдардың, нақтылай айтсақ кейіпкерлердің, іс-әрекетін сырттай сипаттаудан гөрі олардың ішкі әлеміне тереңдей үңілу арқылы индивидуалды ерекшеліктерін, адамгершілік көріністерін танытуды мақсат тұтқан зерттеулер қолға алына бастады. Яғни, тұлға проблемасы әдебиеттану ғылымының күрделі зерттеу нысанына айналды. «Адам дегеніміз не?», «тұлға дегеніміз не?», т.с.с. қоғамда қалыптасып қалған сан түрлі сауалдар философиялық тереңдік алып, қайтадан ой таразысына түсіп талқылану үстінде. Ол әдебиет зерттеушілері үшін ғана емес, сонымен қатар философия, психология, мәдениеттану сияқты бірқатар гуманитарлық бағыттағы салалар үшін де қызығушылық тудырып отырған тақырып. «Философия тұлғаны дүниеде қызмет ету, таным және шығармашылық субъектісі ретінде қарастырады. Психология тұлғаны психикалық процестердің, қасиеттердің және қарым-қатынастардың, темпераменттің, мінездің, қабілеттің, ерік-жігердің және т.б. орнықты тұтастығы ретінде зерттейді. Әлеуметтану көзқарасы тұлғаның әлеуметтік-типтік белгісін бөліп қарайды» [2. 24]. Адам тұлғасын тану процесіндегі *әдебиеттің* ең басты ерекшелігі ол өз объектісінің бір қырын ғана емес, тұтастай алып зерттейтіндігінде. Негізінен алғанда «тұлға» түсінігінің берер мағынасы ауқымды әрі көпқырлы. Осы мәселеге қатысты зерттеу еңбектерінің бірінде философ Ә. Тұрғынбаев бұл ұғымға қатысты: «Тұлға – әрдайым әлеуметтік тұрғыда жетілген адам болып табылады» [3. 275] - деген анықтама береді. Жаңа замандағы тұлға түсінігі «Мен» ұғымымен мәндел. Оның бүтіндігі – адамның өзінің ішкі жан дүниесімен үндесуге бет бұруы мен рухани-шығармашылық әлеуетінің ашылуында жатыр. Қаламгерлер туындыларындағы тұлғаның жан әлемінің жетілу процесін, таным эволюциясын тарихи-әлеуметтік, психологиялық құбылыстармен байланыстыра отырып тереңдей қарастыру әдебиеттің ғылым ретіндегі ең негізгі мақсаты болмақ. Сөз өнерінде көркем шығармадағы адамға қатысты айтылатын терминдік атаулардың түрлері сан алуан. Біріншіден ол «автор образы» болса, екіншіден қаламгер тудыратын бейнелерге қатысты қолданылып жүрген персонаж, қаһарман, тип, характер сияқты бірқатар эстетикалық категориялар тізбегі тағы бар. Дәстүрлі түсінікте персонаж – көркем шығарма құрамының маңызды бөлігі саналады. Персонаж (фр. Personnage, лат. тіл. Persona – бетперде, маска) – іс-әрекет субъектісінің көркем бейнесі. Ол автор танымының көрініс беру формаларының бірі. Адам мен табиғатты бірлікте қарастырған көркемдік сананың алғашқы кезеңдерінде адам образын ғана емес, сонымен қатар жан-жануарлар, жансыз заттар және ойдан шығарылған фантастикалық тіршілік иелері де персонаж ретінде қабылданған. Яғни олар әрекет етуге қауқарлы бүтін феномен деп есептелінді. Кейін келе адамның ішкі жан әлемінің бірегейлігі туралы көзқарастардың қалыптасуының нәтижесінде «персонаждық ая» айтарлықтай тарыла түсті. Ғылыми ортада үздіксіз жүріп отыратын процесстер нәтижесінде көркем шығармашылықтағы персонаж мәселесіне байланысты қабылданған тұжырымдар қайта талқыланып, талдануда. Мәселен әдебиеттегі модернистік бағыт өкілдерінің тәжірибесінде персонажды шығармадан алып тастау әрекеті байқалса, тағы бір тұжырымдарда автор мен оның қаһармандары тең дәрежеде болуы тиіс деген сияқты пікірлер кездесіп жүр. «Персонаж» термині «қаһарман», «актант» сияқты тағы да басқа атаулармен алмастырыла бастады. «Қаһарман» сөзі – XIX ғасыр әдебиеттануы мен әдебиет сыны үшін айтарлықтай үйреншікті. Сол дәуірдің әдеби-эстетикалық құрылымдарында ол «персонаж» сөзіне синоним ретінде пайдаланылды. Заманауи әдебиеттануда «қаһарман» сөзі жеке-дара ұғым ретінде терминологиялық тұрғыдан беки түсті. Біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық тұсы көркем прозадағы қаһарман тұлғасына қатысты болғандықтан өз зерттеуімізде осы ұғымның мәнін, функциясын және қолданылу аясын ашуға тырысамыз. Сыншы Төлеген Тоқбергенов: «қаһарман – халықтың өз ішінен, өз ортасынан шыққан қарапайым көптің

бірі. Ол - адам боп дүниеге келген, ой-сана, ақыл-көрік, тұлға-тұрпат жағынан да халық деген жалпы ұғымның деңгейіндегі көптің бірі. Бірақ соның өзінде неғұрлым барша жұртқа тән, сан алуан адамға тән мінез-қасиет, қимыл-әрекет бір басынан табылып жататын жиынтық бейне, тұтас бір тұлға. Мұнда сезім атаулы, қарекет атаулы айрықша атойласып, «мен мұндалап» көрініп, көзге шалынып тұрады. Және бұл өзі оның жаманды-жақсылы мінезімен, артық-аспай сөзімен де, бұлқынған буырқана шамырқанған әрекетімен де танылып, анық-қанық боп бөлініп тұрады» - деп тұжырымдайды [4. 122]. Тарихи тұрғыдан алып қарасақ, бұл ұғымның тамыры тереңде жатыр. Ежелгі аңыздар мен мифтерден бастау алатын «қаһарман» сөзінің алғашқы мәні тылсым күшке ие, жартылай құдайлық сипаттағы адам деген мағынаны үстемелесе, антикалық кезеңде қаһарманды адамзат атулығы ортақ ең асыл деген қасиеттерді бойына сіңірген идеал тұлға деп таныған. Сол себептен де болар мифтік сюжеттердегі қаһармандар адам аяғы баспаған мекендерге бару, пенде атаулы оралмаған жер асты әлемінен дін-аман келу деген сияқты функцияларды жүзеге асырып отырған. Бүгінгі таңда қаһарман сөзі әдебиеттану саласында өзінің түпкі мәнінен толықтай ажырамай, жоғарыда атап өткен ерекшеліктерінен өрби келе уақыт өлшемінің әсерімен мағыналық жағынан трансформацияланып, теориялық тұрғыдан жаңа мазмұнмен толығып ғылыми термин ретінде қолданылып жүр. Шынтуайтына келгенде, бүгінгі адамның әлеуметтік субъект ретіндегі әрекетінің және оның бойындағы тұлғалық қасиеттерінің дамуына дәл осы мифологиялық сюжеттер мен аңыздардан бастау алатын қаһарманға телінген сипаттамалардың да үлесі бар деп айта аламыз. Десе де бірқатар теоретиктер тарапынан осы терминдік ұғымның бойында қажет емес бояу, мағыналық жағынан артық тұстар бар екенігіндігі айтып жүр. Яғни ғалымдар, кейбір шығармалардағы қаһармандардың бойында ешқандай қаһармандыққа тән қасиеттер болмауы мүмкін екендігін ескертеді. Олардың пікірі бойынша «қаһарман» ұғымы термин ретінде өзінің түпкі мағынасында (батыр, ер) емес, көркем туындыда әрекет етуші субъектке берілген атау ретінде ұғынылуы тиіс. Әдебиеттану терминдер сөздігінде «**әдеби қаһарман**: әдебиеттің идеялық-эстетикалық роліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді. Ә.қ-дар шығармада өзіне тән рухани және қоғамдық жүк көтереді. Ол – автордың идеясын жүзеге асыратын бейне. Бұл ретте қаһармандар өз ерекшелігімен көзге түседі. Ол заманның, уақыттың бағыт-бағдарын арман-мұратын танытушы образ ретінде көрінеді. Яғни, автор суреттеуінде тарихи орта сипатын айғақтап, халықтық үлгіде тәрбиелі қасиеттерді жеткізуші.

Әдебиет пен фольклордың арғы-бергі қаһармандарына үңілсек, Ахиллес, Прометей, Геракл, Муромец және тағы да басқаларын атауға болады. Бұлар адамдар санасында берік орын алып, талай замандардан бері өнегелік рухымен әсер етіп келеді. Осындай қаһармандар әрқашанда жақсылық, әділет үшін күресіп, халық махаббатына бөленеді. Қазақ эпосындағы Алпамыс, Қобыланды образы да осындай.

Қоғамның тарихи дамуының кезеңдеріне байланысты қаһармандар да шығармаларда жаңа сапада көрініп отырады. Айталық, ертедегі ұнамды қаһармандар әуел баста мифтік, сакральдық қалыпта бейнеленіп, кейін бірте-бірте реалистік сипат ала бастайды. Уақыт өткен сайын қаһармандар жаңаша мәнге ие болды. Сөйтіп, қаһарман өмір алға тартқан соны революциялық өзгерістер мен құнды адамзаттық мұраттар биігінде суреттеледі» - деген анықтама берілген [5. 67]. Әдеби қаһарман әлі де болса мағынасы бұлыңғыр, шекарасы нақтылы айқындалмаған түсініктердің бірі. Біздің бұл пайымдауымызға әдебиетте көркем шығармадағы адамға қатысты айтылатын кейіпкер, қаһарман, персонаж, бейне, субъект сияқты ұғымдардың әрқайсысының арнаулы сөздікте анықтамалары бола тұра олардың көп ретте терминдік синоним ретінде бірінің орнына бірі алмаса қолданылып жүргендігі дәлел. Яғни, арнаулы сөздікте берілген

анықтамалардан біз қарама-қайшылық тенденциясын аңғарамыз. Терминдік нақтылыққа жауап беруі тиіс энциклопедиялық мақала мәтіндерінде де осы сияқты олқылықтар жиі кездесіп жүр. Мұндай жағдаяттың орын алуына әдебиеттану терминдер сөздігінің мазмұнында әр ұғымның өзіне тән характеристикалары жинақталып, терминдердің ара-жігін теориялық тұрғыдан нақты негіздеуден гөрі, сипаттаушылықтың, жалпылықтың басым болуы әсер етті деп ойлаймыз. Есімі көпшілікке мәлім француз ғалымы Рене Декарт: «Определяйте значение слов, и вы избавите мир от половины заблуждений» [6. 8] – деген ой айтса, әдебиеттанушы А.П. Чудаков: «Термин жив и долговечен не общественным договором и законодательными установлениями, а поддерживающей силой стоящей за ним теории» [6. 8] – деп тұжырымдайды. Зерттеу нысананың тұрақты, мағыналық аспектілеріне қызығушылық таныту және терминологиялық тұрғыдан нақтылық пен қатаңдыққа ұмтылу Платон мен Аристотель еңбектерінен бастау алатын әдебиеттану теориясының ежелгі дәстүрі.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымы күрделі әрі қарама-қайшылықтарға толы кезеңде даму үстінде. Көркемдік-шығармашылық аяда үздіксіз орын алып отыратын жаңа құбылыстар мен үрдістердің әсерінен теориялар да өзгеріске түсіп, жаңарып отыратыны сөзсіз. Сол себептен де аталған түсініктердің мәнін ашып, салыстыра отырып толықтай зерделеудің де маңыздылығы артып отыр. Әлбетте, кез-келген әдеби туындыдағы «қаһарман» кейіпкер болғанымен кез-келген кейіпкер «қаһарман» емес. Көркем шығармада қаһарман сөзін әдетте ең басты әрекеттерді жүзеге асыратын кейіпкерге қолданады. Ресей әдебиетінде персонаж, қаһарман ұғымдарын сөз еткенде ғалым М.Бахтиннің есімін айтпай кету мүмкін емес. Ол алғашқы зерттеулерінен-ақ әдеби қаһарман туралы зерттеушілік ізденістерін дәстүрлі түсініктер аясынан әлдеқайда ауқымды қарастырған. Ғалымның пікірі М.Бахтиннің түсінігі бойынша әдеби туындыдағы қаһарман дегеніміз ол үнемі белсенді-жауапкершілікті әрекет (ой әрекеті, сезім әрекеті, т.б.) үстінде жүретін, шығармадағы «ең негізгі әрекеттердің жүгін арқалаушы тұлға» [7. 249]. Оның өзіне тән дара қасиеттері де бар. Біріншіден, қаһарман өзге кейіпкерлерден сюжеттің дамуы үшін маңызды болуымен ерекшеленеді: *Оның қатысынсыз негізгі сюжеттік оқиғалар жүзеге асырылмайды;* Екіншіден *көркем туындының тілдік құрылымындағы қаһарманның ой білдіру субъектісі ретіндегі белсенділігі* [7. 250]. Үшіншіден, *қаһарман шығарма сюжетіндегі кейіпкерлерден өзінің құндылықтық бағдары мен өмірлік позициясының айқын көрінуінің нәтижесінде ерекшеленіп тұрады* [7. 251]. Қаһарманның іс-әрекеттері, позициясы, белсенді-күрескерлік, ар-ұят, мораль жолына, діни-адамгершілік немесе тағы да басқа құндылықтарға бағытталуы мүмкін. Шығармада атқаратын қызметіне сай қаһармандары бірінші және екінші сатылы қаһармандар деп бөлушілік бар. Шығарманың мағыналық бүтіндігін сақтауда екінші сатылы қаһармандардың ролі де аса маңызды. Оқырман туындыдағы бірінші және екінші сатыдағы кейіпкерлерді шығарма мазмұнындағы жағдаяттар мен тартыстардағы олардың қатысымдық әрекетінің белсенділігіне, автордың тікелей не жанама түрде бейнелеулерінің нәтижесінде интуитивті түрде ажыратып алады.

Әрине, зерттеу жұмысымыз біз көтерген мәселелерді толықтай әрі түбегейлі қарастырды деп айта алмаймыз. Себебі автодың шығармашылық санасында қаһармандардың пайда болуы және оларды шығарманың объектісі ретінде жандандыру процесі сияқты әлі де толықтыруды және нақтылауды қажет ететін бірқатар мәселелер бар. Десе де біз өз жұмысызда әдебиетте қаһарман тұлғасына қатысты айтылып жүрген әртүрлі пікірлерге талдау жасауға тырыстық. Мақаламызда жасалған тұжырымдар мен талдаулар «қаһарман», «тұлға» түсініктерінің сапалық тұрғыдан жақсаруына әсер етеді деп ойлаймыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мирзабекова А.Ш., Исмагамбетова З.Н. Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы жатсыну мәселесі. Оқу құралы – Алматы, 2014, - 95 бет.
2. Нұрадин Г.Б. Мәдениет философиясы: Оқу құралы. – Астана, 2010. – 90 б.
3. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия/Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2001. – 328 б.
4. Тоқбергенов Т. Үш тоғыс. – Алматы: Жазушы, 1977. – 195 б.
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі /Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбай/ -Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006, - 398 бет.
6. Мартьянова, С.А. Персонаж в художественной литературе: учеб. Пособие / С.А. Мартьянова; Владим. Гос. Ун-т им, А. Г. И Н. Г. Столетовых. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2014. – 84 С.
7. Теория литературы: в 2 т. Т. 1. Тамарченко Н.Д., Тюпа В.И., Бройтман С.Н. Телория художественного дискурса. Теоретическая поэтика : учеб. Пособие для студ. Учреждений высш. проф. Образования / под ред. Н.Д. Тамарченко. – 5-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 512 с. – (Сер. Бакалавриат).